

«№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Ата-анамен жұмыс

**№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы
2025-2026 оқу жылы**

**Тәрбиешілер: Бисеналина Д.Н.
Қиялова А.Б.**

Ақтөбе қаласы

Бекітілді:

№41 «Назерке» бөбекжай - балабақшасының
МҚКҚ менгерушісі  А.Е. Карабалина.
2025-2026 оқу жылы



Ата-аналармен жұмыс жоспары
№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізу әдісі	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Топтық ата-аналар жиналысы. а) Денсаулық технологиясы ә) Амандасу, танысу жаттығуы б) «Бес жастағы баланың даму ерекшеліктері» «Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның бірлігі» в) Ата-аналар алқасын сайлау г) Логопед кеңесі д) Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау 2. Отбасы күніне орай #otbasym 2025	Жиналыс Баяндама Кеңес Сауалнама Челлендж	қыркүйек	Менгеруші Әдіскер Медбике Топ тәрбиешілері Логопед маманы Психолог Тәрбиешілері, ата-аналар
2	1. «Қарттарым – асыл қазынам» 2 «Күзгі асыр» жәрменкесі. Табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып бұйымдар жасау. 3. «Қазақстан Республикам менің!» 4. «Тұмау ауруы, желшешек»	Газет шығару Бейнеролик Жәрменке Мерекелік шара Жылжымалы папка дайындау	қазан	Тәрбиешілері, ата-аналар Ата-аналар Тәрбиешілері Тәрбиешілері Медбикеден кеңес
3	1. «Бағдаршам және біз» 2. Ұлттық ойын – ұлт қазынасы	Сюжетті – рөлдік драмалау Ойын сауық	қараша	Тәрбиешілері Дене шынықтыру

	<p>3. Жүкпалы аурулардың алдын алу «Тұмау ауруы», «Желшешек»</p> <p>4. «Әже қолы - шебер қол»</p>	<p>Медбике кеңесі</p> <p>Әжелер сайысы</p>		<p>Медбике</p> <p>Тәрбиешілер Әжелер мектебі.</p>
4	<p>1. «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары» Қалдық және табиғиматериалдарды пайдалана отырып, колөнер бұйымдарын жасау.</p> <p>2. Топтық ата –аналар жиналысы</p> <p>а) Балаларды телефон ойынынан аулақ ұстаңыз</p> <p>ә) Өзгеде мәселелер. Топта жүргізілетін мәселелер.</p> <p>б) «Балаңыз балабақшаға барса...»</p> <p>3. «Жасыл шырша жанында»</p>	<p>Жәрменке</p> <p>Кеңес</p> <p>Мерекелік шара</p>	желтоқсан	<p>Тәрбиешілері, ата-анала</p> <p>Психолог</p> <p>Тәрбиешілері</p>
5	<p>«Ата өнегесі – ұрпаққа үлгі»</p> <p>«Ашық есік күні»</p>	Аталар мектебі	қаңтар	Аталар, тәрбиешілер
6	«Шебер қол – шексіз өнер» Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдарының көрмесі	Көрме	ақпан	Тәрбиешілер, аталар, әжелер мектебі
7	<p>1. «Жүректен шыққан алғыс»</p> <p>Бейне құттықтаулар</p> <p>2 Топтық ата –аналар жиналысы</p> <p>а) «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»</p> <p>ә) Өзгеде мәселелер. Топта жүргізілетін мәселелер</p> <p>б) «Мақал сөздің мәйегі»</p>	<p>Челлендж</p> <p>Баяндама</p> <p>Челлендж</p> <p>Ойын</p>	наурыз	<p>Ата-аналар, тәрбиешілер.</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>Тәрбиешілері</p> <p>Ата-аналар, тәрбиешілері</p>

	<p>3. «Көрісу мерекесі – Амал мерекесі»</p> <p>4. «Өнерлі ана -өнгелі ұрпақ»</p> <p>5. «Қош келдің – әз Наурыз!»</p>	<p>Аналар сайысы</p> <p>Мерекелік шара</p>		<p>Ата- аналар, тәрбиешілер</p> <p>Аналар мектебі</p>
8	<p>1. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла».</p> <p>2. «Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі»</p> <p>3. «Әжемнің ғажайып ертегілері»</p> <p>4. «Құстарға ұя саламыз!» «Экологиялық фотогазеттері»</p>	<p>Челлендж</p> <p>Эко челлендж</p> <p>Жобалау іс-әрекеті</p> <p>Акция</p>	Сәуір	<p>Тәрбиешілері, ата-аналар</p> <p>Аталар мектебі</p> <p>Әжелер мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p>
9	<p>1.«Біз мектепке барамыз»</p> <p>2.«Ауланы гүлдендіреміз»</p> <p>3. «Отбасылық таза ауадағы демалыс»</p>	<p>Іс-шара</p> <p>Акция</p>	Мамыр	<p>Тәрбиешілері, ата-аналар</p> <p>Тәрбиешілері, ата-аналар</p>

Ата – анамен жүргізілетін жұмыс түрлері.

- Топ ішілік ата –аналар жиналысы;
- Балабақша ішілік ата –аналар жиналысы;
- Ата – аналармен жеке кездесу;
- Ата – аналар үшін ашық есік күн;
- Меркелік кештерге шақыру;
- Ата – аналарды тренинг ойындарға қатыстыру;
- Отбасылық спорттық жарыстарға қатыстыру;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша іс – шаралар, жұмыстар, сайыстар, т.б.

Негізгі міндеттері:

- * Тәрбиешінің топ ата – аналарымен жақсы қарым – қатынас орнату;
- * Ата –аналармен тұрақты байланыс орнату;
- * Ата –аналар ұжымын құру;
- * Ата – аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру;
- * Үштік одақ «Тұтас бала бейнесі» (бала, ата –ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру;

Ата – аналар алқасының төрайымы :

Бисембина Ақмарал Аргыналиевна

Ата –аналар жиналысы : 23. 09. 2025 жыл

Тақырыбы: «Бала - біздің болашағымыз !»

Мақсаты:

- Баланың тұлғалық дамуына отбасы мен балабақшаның бірлескен ықпалының маңызын түсіндіру;
- Ата – анамен тәрбиеші арасындағы өзара байланыс пен серіктестікті нығайту;
- Болашақ ұрпаққа дұрыс тәрбие беру – ортақ міндет екенін ұғындыру.

Көрнекіліктер: Ата – аналар есіктегі әдемі гүлдерде жазылған әріптермен өз баласына жылы сөздер айтып кіреді. (Айя «А» -асылым, ақылдым...,) .Үміт ағашы «Мен жақсы ата – анамын себебі...». Ата – анаға кеңес «Сөйлеу тілін дамыту» (үлестірме кітапша). Ата – ананың , ата -анаға жақсы көз қарасы» (ойын пакеттері)

Тәрбиешінің баладағы жақсы қасиеттерін анасына білдіру.(әдемі шарлар)

Күн тәртібінде :

1. Балабақша ішілік тәртіппен таныстыру. Меңгеруші: А.Е. Карабалина.
2. «Бес жастағы баланың даму ерекшеліктері» баяндама А.Б. Садуова
3. Логопедтен кеңес. Ерланқызы А
4. Медбике кенесі «Педикулез», «Қышыма», «Дерматикоз» З.Т. Бурханова
5. «Әлеуметтік карта» сауалнама . Психолог: А.Қ. Айжанова

1. Кіріспе бөлім

- Құрметті ата – аналар! Бүгін біз балабақшадағы күнделікті тәрбиелік жұмыстармен танысып қоймай, бала тәрбиесіндегі сіздермен ортақ мақсатымызды айқындау үшін жиналып отырмыз. Біздің тақырыбымыз - **«Бала – біздің болашағымыз!»** Әр ата – ана үшін бала – өмірдің мәні, бақыты. Сондықтан тәрбиенің басты тетігі – сіз бен біз болып, бірлесе әрекет ету. Балабақшаның ішкі ережелерін орындау керектігін және күн тәртібін таныстыру.

2. Негізгі бөлім

Тақырыбы: «Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның бірлігі»

- Бала – отбасындағы ең қымбат қазына.

- Балабақша – отбасымен қатар, тәрбие мен білім берудің алғашқы баспалдағы.
- Тәрбиешінің еңбегі ата – ананың қолдауымен ғана нәтижелі болады.
- Баланың болашағы ата – ана мен тәрбиеші арасындағы сенім мен ынтымақтастыққа тікелей байланысты.

Пікірталас

Сұрақтар ата – аналарға :

1. Балаларыңызға күнделікті қандай жылы сөздер айтасыздар?
2. Бала тәрбиесіндегі сіз үшін ең маңызды құндылық қандай?
3. Сіз өз балаңызды болашақта қандай адам ретінде көргініз келеді?
(ата – аналар ой бөліседі)

Тыныс алау жаттығуына байланысты (ойын)

- Ата – аналар кеспе әріптерден түтікшені қолданып баланың аттарын жазады (терең тыныстап, түтікшені сорып)
Үміт ағашы «Мен жақсы ата – анамын себебі...» (тренинг)

3. Қорытынды :

- Құрметті ата –аналар, әр бала – біз үшін болашақтың шамшырағы. Баланы жақсы көру – тек оны киіндіру немесе тамақтандыру емес, оған мейірім мен сүйіспеншілік беру, жақсы тәрбие беру. Бүгінгі бас қосуымыздың басты мақсаты – балаларымыздың жарқын болашағына жол ашу.

«Ата – ананың , ата -анаға жақсы көз қарасы» (ойын)

Тәрбиешінің баладағы жақсы қасиеттерін анасына білдіру.(әдемі шарлар)

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МҚКҚ

«Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның бірлігі»

Баяндама

Ақтөбе қаласы

«Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның бірлігі»

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, әдебіне, іс-әректіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.
- іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс-әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағытты іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай-ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтар, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді

бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніміз, ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата-анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым-қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелілігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата-ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын дiңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ата-аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата-аналарға бағыттау, әдіс-тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім-тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата-аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата-ана бала тәрбиесінің мақсат-міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:

- ата-аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру
- ата-аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
- бала тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қалыптастыру.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, әдебіне, іс-әректіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.

- іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс-әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттырды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай-ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтар, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніміз, ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата-анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым-қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығайуына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелілігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата-ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын дінгек»,

сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ата-аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жана технологияларды ата-аналарға бағыттау, әдіс-тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім-тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата-аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата-ана бала тәрбиесінің мақсат-міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:

- ата-аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру
- ата-аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
- бала тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қалыптастыру.

Бұл жұмыстардан мынадай нәтиже күтуге болады.

1. Ата –аналар тарапына туындайтын белсенділік, қызығушылық.
2. Жауапкершілік және өздік жұмыс.
3. Мақсатқа жету деңгейі, тиімділігі, қанағаттылық.
4. Отбасының мектепке дейінгі мекемеге қосатын үлесі.
5. Алынған білімді қолдану, бала тәрбиесіне қатысты қолданылатын технологиялар.

Міне, біздер — тәрбиешілер, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне, оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап, тәрбие жұмысының тиімді әдіс-тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын, еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз-заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу..

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МҚКҚ

«Бес жастағы баланың даму ерекшеліктері»

Баяндама

Ақтөбе қаласы

«Бес жастағы баланың даму ерекшеліктері»

Төрт пен бес жас аралығындағы кезең - орта мектепке дейінгі кезең. Бұл баланың өміріндегі маңызды кезең. Бұл бала денесінің қарқынды дамуы мен өсу кезеңі. Осы кезеңде баланың табиғаты айтарлықтай өзгереді, танымдық және коммуникативті қабілеттер белсенді түрде жетілдірілуде. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін үйдегілердің ата-аналарын білу керек. ГЭЖ 4-5 жыл балаларының нақты жас ерекшеліктері бар. Бұл дегеніміз, ол әрдайым құрдастарымен бірге ортақ тіл табады.

Дамудың физикалық ерекшеліктері

Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық мүмкіндіктері едәуір өседі: үйлестіру жақсарады, қозғалыстар сенімдірек болады. Сонымен қатар, қозғалысқа қажеттілік бар. Қозғалтқыш дағдыларын белсенді дамыту, жалпы алғанда, мектеп жасына дейінгі жасөспірім кішкентайлармен салыстырғанда неғұрлым шапшаң және жылдамырақ болады. 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері физикалық жүктемені шамадан тыс емес етіп тағайындау керек екендігін атап өткен жөн. Бұл кезеңде бұлшықеттер тез өседі, бірақ біркелкі емес, сондықтан бала тез шаршайды. Сондықтан балаларға демалу үшін уақыт берілуі керек.

4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері Дене дамуының жылдамдығына келетін болсақ, олар 4-ден 6-ға дейін өзгермейді. Орташа алғанда, бала бір жыл бойы 5-7 см-де өседі және салмағы 1,5-2 кг. Баланың денесінің барлық органдары мен жүйелерінің өсуі мен дамуы бар.

Баланың психологиялық дамуы

4-5 жыл жасында әртүрлі психикалық процестер тез дамып келеді: есте сақтау, көңіл бөлу, қабылдау және басқалар. Маңызды ерекшелігі - олар саналы, ерікті: болашақта пайдалы болатындай ерікті қасиеттерді дамыту. Қазіргі уақытта балаға тән ойлау түрі визуалды-фигуративті болып табылады. Бұл, ең бастысы, балалардың әрекеттері практикалық, эксперименталды сипатта болады. Олар үшін көріну өте маңызды. Дегенмен, біз егде жасай отырып, ойлау жалпыланған және мектеп жасына дейінгі жастағы адамдар біртіндеп ауызша-логикалық түрде айналып отырады. Жад көлемі көп өсті: ол ересек адам үшін кішкене өленді немесе еренді есте сақтай алды. Кездейсоқтықты және назарын жоғалтуды арттыру: мектепке дейінгі жастағы балалар қысқа уақытқа дейін (15-20 минут) қандай да бір іс-әрекетке баруға тырысады.

4-5 жастағы балалардың жоғарыда көрсетілген жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері өнімді еңбекке және баланың үйлесімді дамуына жағдай жасай алады.

4-5 жастағы балаларға арналған жас ерекшеліктері

Ойынның ролі

Ойын - әлі де нәресте үшін негізгі қызмет болып табылады, бірақ ерте жастан гөрі едәуір күрделі. Байланыспен айналысатын балалардың саны артады. Тақырыптық рөлдік ойындар бар. 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері олардың гендерінің құрдастарымен қарым-қатынас жасауға

бейім екендігі. Қыздар отбасылық және тұрмыстық тақырыптарды (қыз-анасы, дүкен) жақсы көреді. Балалар матростар, әскери, рыцарлар ойнайды. Осы кезеңде балалар бірінші жарыс ұйымдастырады, олар табысқа жетуге тырысады.

Шығармашылық

Орта мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерімен шұғылданады. Бала сюжеттік моделдеуді ұнатады, аппликация. Ең бастысы - көрнекі әрекет. GNF деректері бойынша балалардың жас ерекшеліктері 4-5 жылы осы кезеңде мектепке дейінгі жасөспірім нәзік моториканы игеруде, бұл егжей-тегжейлі әрі толық мәліметтерге назар аударуға мүмкіндік береді. Сурет шығармашылық өзін-өзі көрсетудің бір құралы болып табылады.

Орта мектеп жасына дейінгі бала кішкене ертегілерді немесе әндерді құрастыра алады, қандай рифмаларды түсінеді және оларды пайдаланады. Жарқын қиял және бай қиял, баланың өз алдына қандай да бір рөлді таңдай алатын басы немесе қағаз бетіне толық үйірмелер жасауға мүмкіндік береді.

4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері ата-аналар үшін кеңес береді

Сөйлеуді дамыту

Мектепке дейінгі орта білім беру кезеңінде сөйлеу қабілетін белсенді дамыту. Дыбыс сапасын едәуір жақсартады, сөздік белсенді түрде өсіп, шамамен екі мың сөзге жетеді. 4-5 жастағы балалардың сөйлеу жас ерекшеліктері сіздің пікіріңізді құрдастарымен нақты және толық сөйлесе аласыз.

Бала қазірдің өзінде бұл нысанды сипаттай алады, эмоцияларын сипаттайды, кішкентай көркем мәтінді қайта жасайды, ересектердің сұрақтарына жауап береді. Дамудың осы сатысында балалар тілдің грамматикалық құрылымын меңгереді: олар предлогтарды түсінеді және дұрыс пайдаланады, күрделі сөйлемдерді құруға үйренеді және т.с.с. Күрделі сөз дамиды.

Құрбылар мен ересектермен байланыс

Мектепке дейінгі жастағы жасөспірімдермен қарым-қатынас өте маңызды. Егер баланың ойыншықтар мен ата-аналармен қарым-қатынасы жеткілікті болса, қазір ол басқа балалармен қарым-қатынас жасау керек. Құрбыларынан тану мен құрметтеуге деген қажеттілік бар. Байланыс, әдетте, басқа әрекеттермен тығыз байланысты (ойын, бірлескен жұмыс). Бала ең жақсы хабардар болған достары бар.

4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері Балалар тобында бәсекелестік пен алғашқы көшбасшылар пайда болады. Құрбыларымен қарым-қатынас, әдетте, жағдайды көрсетеді. Ересектермен өзара әрекеттесу, керісінше, нақты жағдайдан тыс болып, аннотацияға айналады. Бала ата-аналарды жаңа ақпараттың жетілмеген және беделді көзі ретінде қарастырады, сондықтан ол көптеген түрлі сұрақтарды сұрайды. Бұл кезеңде мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ынталандыру мен ренішті ескертуге ерекше қажеттілігі бар және олардың күш-жігері байқалмаса. Кейде отбасының ересек мүшелері 4-5 жыл балаларының осы жас ерекшеліктерін байқамайды. Мектепке дейінгі
















КУЗ СЫЙЫ





КҮЗ СЫЙЫ



Galaxy A34 5G




Galaxy A34 5G




Galaxy A34 5G



Galaxy A34 5G



Galaxy A34 5G



Galaxy A34 5G

Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2025-2026 оқу жылы

№3 «1 үлдер»	Жалпы бала саны	Аз балалы отбасы	Көп балалы отбасы	Қамқорлыққа алынған бала саны	Ата-ананың									Жеке тұрғын үй			Балалардың балабақпадан тыс мекемеге қатысуы.		Отбасы құрамы		Отбасы жағдайы						
					Жасы			Білімі																			
					Әке 12	Ана 12		Жоғары	Арнаулы орта	Орта	Жоғары	Арнаулы орта	Орта	Шегер бар	Жалдамалы пәтерде	Ата-аналармен бірге	Қатысады	Қатыспайды	Толық	Толық емес	Жақсы	Орташа					
6	4 66%	2 34%	-	-	20-25	26-35	36-45	46-55	20-25	26-35	36-45	45-55	5	1	-	5	1	-	5	1	-	4	2	6	-	4	2
						3 50%	3 50%	-	-	1 17%	5 83%	-	5 83%	1 17%	-	5 83%	1 17%	-	5 83%	1 17%	-	4 66%	2 34%	6 100%	-	4 66%	2 34%

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша психологі: Айжанова А.К

Күз-Алтын сикыршы













Әже қолы-
шебер қол!









арта

Ы

С

Ф

А

Ж

А

Й

Ы

П

Т



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МҚКК

«Жарқыра, жайна жаңа жыл!»

№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды топ

**Дайындаған: А.Б. Киялова
А.Б. Садуова**

Ақтөбе 2025 жыл

Тақырыбы: «Жарқыра, жайна жаңа жыл!»

Мақсаты: Балалардың эмоционалдық көңіл – күйін көтеру, Жаңа жыл мерекесі арқылы достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, жасанды интеллект туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.

Міндеттері:

- Сөйлеу дағдыларын дамыту
- Қарапайым қимыл – қозғалыстарды орындау
- Топпен әрекет етуге үйрету
- Жағымды эмоция қалыптастыру

Форматы: Сахналық қойылым, ЖИ экран арқылы.

Қатысушылар:

Балалар – роботтар (6 бала)

Хабаршы

Робот ханшайымы

Фейя

ЖИ (экран арқылы)

Мыстан кемпір

Аяз ата

Ақшақар

Фейялар

Құрал-жабдықтар:

- Робот костюмдері
- Экран, проектор
- Аудио-бейне материалдар
- Жаңа жылдық әшекейлер
- QR-код

Кіріспе бөлім:

Айгүл (Фейя): - Құрметті қонақтар! Сіздерді болашақ пен қиял тоғысқан ғажайып әлемге — **роботтар мен ақылды технологиялар әлеміне** қош келдіңіздер деп шақырамыз!

Бұл сиқырлы әлемге ену үшін бәріміз бірге заманауи мүмкіндіктердің кілті — **QR-код арқылы саяхатымызды бастайық!**

(Зал іші қараңғы, аспан әлемінің сәуелелерімен жарықтанып тұрады)

Айым хабаршы: - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, кадірлі қауым!

Сіздерге жүрекжарды қуанышты хабар жеткізуші — №3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы!

Жаңа жыл — ғажайыптар мен армандар орындалатын,

балалардың қиялы шарықтап, жүректерге үміт ұялайтын ерекше мереке.

Ал бүгінгі жасанды интеллект дамыған, технология қарыштап алға басқан заманда, біз бұл мерекені тек көңілді ғана емес, балалардың танымдық қызығушылығын арттырып,

ой-өрісін кеңейтуге бағытталған ерекше форматта өткізуді жөн көрдік. Сіздерді жаңа жылдық сиқыр, роботтар әлемі және болашақ технологиялармен ұштасқан қызықты мерекелік саяхат күтіп тұр!

(Музыка ойналып, залда робот ілеміндегі балалар ғарыш кемесінен түсіп, музыка әуеніне еріп қимылдар жасап, қонақтармен амандасады)

Роботтар әлемінің ханшайымының сөзі:

- Сәлем, жас достарым!
Қош келдіңдер **Роботтар әлеміне!**

Мен — осы ғажайып әлемнің ханшайымымын, ақылды роботтар мен саналы жүйелердің басқарушысымын. Біз — білім мен технологияға сүйенген, достық пен тәртіпті жоғары қоятын болашақ елміз.

Бүгін — ерекше күн.

Бүгін — **Жаңа жыл!** Бұл күні біздің әлем мен жер әлем бір-бірімен тоғысып, қиял мен ақыл, ойын мен ғылым бір үлкен мерекеге айналады. Сендер — біздің жас робот-достарымызсыңдар. Әрқайсыңның жүрегінде — ізденіс, ойында — жаңалық, ал армандарыңда — жарқын болашақ бар. Роботтар әлемінде ең басты заң — **білімге ұмтылу, бір-біріне көмектесу және мейірімді болу.** Егер осы үш ережені сақтасаңдар, кез келген кедергіні жеңе аласыңдар!

Ендеше, Жаңа жылдық сиқырға толы саяхатымызды бастайық! Алға, болашақтың батырлары! Роботтар әлемі сендерге есігін айқара ашады! Олай болса мен сиқырлы түйемді (кнопка) басайын.

ЖИ-дің ЭКРАНДАҒЫ ДАЙЫН МӘТІНІ

1-шығу

- Сәлем, балалар!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Мен – Жасанды Интеллект. Сендер – роботтарсыңдар. Бүгін – ерекше күн. Бүгін – Жаңа жыл. Мерекелік тапсырмаларды бірге орындаймыз. Дайынсыздар ма?

Робот 1:

– Мен ақылды роботпын.

Робот 2:

– Мен мейірімді роботпын.

Робот 3:

– Мен ән айтатын роботпын.

Робот 4:

– Мен қимылдайтын роботпын.

Робот 5:

– Мен көмектесетін роботпын.

Робот 6:

– Мен болашақ роботпын.

Роботтар: - Дайынбыз.

(Осы уақытта, роботтар әлеміне белгісіз жағдайда мыстан ұшып жүріп тап болады)

ЖИ-дің ЭКРАНДАҒЫ ДАЙЫН МӘТІНІ

2-шығу (Мыстан келгенде)

Назар аударыңдар! Қауіп анықталды. Бұл – Мыстан кемпір. Ол жамандық жасағысы келеді.

Біз – қорғау режимін қосамыз.

(Осы тұста қызыл жану белгісі бар қорғаныс музыкасы ойналу керек)

Мыстан кемпір:

- Әй, тәйірі-ай!

Мен қай әлемге тап болдым өзі? Түгін де жоқ, сыпырғыш та ұшпайды, ал айналамның бәрі жылтырап, темірлер сөйлеп жүр! *(Айналасына таңырқай қарайды.)*

М-м-м... мынау бір қызық мекен екен! Тыпыш, жарық, қауіпсіз... Ешкім «мыстан!» деп кумайды, ешкім мазамды алмайды!

Ой, ой, ой! Дәл осындай жер маған керек еді ғой! Ендеше, неге мен осы әлемді өзімнің жаңа мекеніме айналдырмасқа? *(Қалта телефонын немесе сиқырлы құрылғысын шығарады.)*

Алдымен қызыма хабар берейін. Мұндай керемет жерді жалғыз өзім иеленіп қалмайын! *(Қоңырау шалады.)*

Алло, қызым! Тез жет! Мен бұрын-соңды көрмеген ғажайып әлемге тап болдым! Мұнда бәрі ақылды, бәрі тыңдайды, бәрі тәртіппен жұмыс істейді! Егер осында қалсақ, бізге ешкім қарсы келмейді! Бұл жер — нағыз болашақ мекен! Тез кел, қызым! Роботтар әлемі бізді күтіп тұрған сияқты!

(Мыстан кемпір қуанып, айласын ойлап күле бастайды.)

Роботтар әлемінің ханшайымының сөзі:

- Токта, Мыстан кемпір! Мен — Роботтар әлемінің ханшайымымын. Бұл әлем — білім мен тәртіпке, ақыл мен мейірімге негізделген қасиетті мекен. Менің әлемімді оңайлықпен иелену мүмкін емес. Өйткені оны ақылды роботтар мен жүрегі таза балалар қорғайды. Алайда, мен әділмін. Егер сен жаман ойыңнан бас тартсаң, біз сені дұшпан емес, қонақ ретінде қарсы аламыз. Одан да сен біздің роботтардың Жаңа жылдық кешін тамапала. *(Қолындағы тетікті көрсетіп)*

Ал енді, мен тетікті басамын... Көрейік, қандай тапсырмалар орындалады!

ЖИ-дің ЭКРАНДАҒЫ ДАЙЫН МӘТІНІ

3 – шығуы

Назар аударыңыздар! Роботтар әлемінің музыкалық режимі іске қосылды!

Кішкентай роботтардан ән шашу

Ән: «Жаңа жыл»













(Төрбеленушілер мен олардың ата-аналары арасында)

Қол бұйымдарының көрмесі





Барша адам,
саған рахмет!
Әр күнім үшін
әткерген.



Аллаға сүеі рахметі
Тірлікті мынау
жаратқан.





det_sad.41 №3 "Гүлдер" арнайы мектепалды топ.


14-ші наурыз "Көрісу күні"

Ата-аналардан бейнежазба

Топ тәрбиешілері: Д. Н. Бисеналина, А. Б. Киялова



Reels



det_sad.41

НЗ "Гүлдер" тобының тәрбиеленушісі Мұрат ...



Добавьте комментарий...

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МҚКҚ

«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»

Баяндама

Дайындаған: А.Б. Киялова

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Кіріспе

Ұрпақ тәрбиесі – кез келген қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Себебі әрбір елдің болашағы – оның жас ұрпағы. “Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі” деген сөздің мәні терең. Егер ұрпақ дұрыс тәрбиеленсе, ұлттың болашағы да жарқын болады. Ал бұл тәрбиенің негізі мектепке дейінгі кезеңнен басталады.

Негізгі бөлім

1. Мектепке дейінгі ұйым – тәрбиенің алғашқы баспалдағы

Мектепке дейінгі ұйым – баланың тұлға болып қалыптасуындағы алғашқы қоғамдық орта. Бұл кезеңде бала қоршаған ортамен танысып, алғашқы дағдыларды меңгереді.

Балабақшада бала:

- қарым-қатынас жасауды,
- тәртіп сақтауды,
- өз ойын жеткізуді үйренеді.

Сондықтан бұл кезеңде берілген тәрбие баланың болашақ өміріне үлкен әсер етеді.

2. Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиеші – балаға бағыт-бағдар беретін маңызды тұлға. Ол баланың бойына жақсы қасиеттерді сіңіреді.

Тәрбиеші:

- балаларды мейірімділікке,
- достыққа,
- жауапкершілікке тәрбиелейді.

Әрбір балаға жеке көңіл бөліп, оның қабілетін дамыту – тәрбиешінің басты міндеті.

3. Ұлттық тәрбие – басты құндылық

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріледі. Балаларға ұлттық құндылықтарды үйрету арқылы олардың бойында елжандылық сезім қалыптасады.

Балаларға:

- ана тілін құрметтеу,
- салт-дәстүрлермен танысу,
- ұлттық ойындар ойнау үйретіледі.

Ұлттық тәрбие арқылы бала өз халқының мәдениетін танып, рухани бай тұлға болып өседі.

4. Ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы

Бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақша бірлесе жұмыс істеуі өте маңызды. Егер үй мен балабақшадағы тәрбие бір бағытта болса, бала тез әрі дұрыс дамиды.

Ата-ана:

- баласына үлгі болуы,
- тәрбиешілермен байланыста болуы,
- баланың тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ұрпақ тәрбиесі – ұлттың болашағын айқындайтын маңызды іс. Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның негізі қаланатын уақыт. Осы кезеңде дұрыс тәрбие берілсе, болашақта саналы, тәрбиелі, білімді азамат қалыптасады.

Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне баршамыз жауапкершілікпен қарап, бірлесе еңбек етуіміз қажет.

Құрметке Тәрбиелеу.



We are happy!

Намрау! Мейрамымыз кутты болсын!



Менің Ғайым!
Аяғыңды алып барып,
жаныңды қолыңмен ұстап,
Наурыз Мейрамын
құттықтаймын!

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы.

«Гүлдей нәзік – Аналар»
№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды топ

Дайындаған: Киялова А.Б.

Тақырыбы: «Гүлдей нәзік - Аналар»

Мереке «Дара бала» жобасы аясында, топ балаларының ерекшеліктерімен жүргізілетін болады.

(Зал іші мерекеге орай безендірілген)

Музыка: «Қыздар, қыздар» әнінің қайырмасы ойналып, жүргізуші ортаға шығады және балаларда ортаға шығып сап түзейді.

Дәмегүл апай: - Қош келдіңіздер! Асыл қазыналы әжелер! Әлемнің жарығын сыйлаған аналар! Әйелсіз дүние - тұл. Әлемнің жарығы - Ана. Бойымызға қуат, өмірімізге мазмұн дарытып отырған да аяулы аналар, асыл жарлар. Елдіктің, тыныштықтың, береке мен бірліктің әр шаңырақтың ұйытқысы болып отырған да осы аяулы жандар. Бүгінгі мерекемен баршаңызды құттықтаймыз!

Көктемдегі күн қандай,

Көңілге нұр құйғандай.

Өмірдің әсем әніне,

Дүние балқып тұрғандай... дсп ақындар жырлағандай, ортаға «Келді көтем» әнімен № 3 «Гүлдер» тобының бүлдіршіндерін шақырамыз.

Ән: «Келді көтем»

Музыка: «Дара Бала» жобасының музыкасы ойналып жүргізуші ортаға шығады.

Жүргізуші: - Арма ағайын! Бүгінгі мерекеге орайластыра отырып, дарындылар алаңы, «Дара Бала». Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, дара боздар біздерде қонақта. Тобымыздағы балалардың даралықтарын сіздерге бүгін көрсетпекпіз. Ендеше дара балаларымзды көп күттірмей ортаға шақырайық.

Жүргізуші: - Бұл жоба, баланың бойындағы дара қасиеттерді анықтау, бет бұрысын бақылау. Балаға шабыт берер бастама. Олай болса болашаққа батыл қадам жасап жүрген, қиялы ұшқыр, ойы жүйрік жас өнертанқыш. Сахна төріне – роботтар құрастыратын дарынды баламыз – Ахметов Нұрасылды зор қошеметпен қарсы алайық.

(Экраннан Нұрасылдың фотосы көрсетіледі)

- Нұрасыл, қош келдің!
- Бүгінгі көңіл – күйің қалай?
- Сені роботтарды жақсы көреді дейді, сол рас па?
- Өзің роботтар құрастырасың ба?
- Бүгін кіммен келдің сен?
- Анаңның есімі кім?
- Анашыңа арнап тақпақ айтып бересің бе?

**Үн қатасын бал тілімен,
Еркелеймін әр күні мен.**

Құттықтаймын анашым,

Сегізінші наурызбен!

- Олай болса , төр сенікі, өнерінді көрсете ғой.

(Нұрасыл, өнерін тамашалау)

Нұрасылды құттықтауға балалардың болашағын ойлап, болашағынан үлкен үміт күтетін, олардың жан – жақты дамуына зор үлес қосып жүрген балабақшамыздың меңгерушісі Айжан Ержанқызын шақырамыз ортаға.

«Дара бала» жобасынан сыйлықтармен марапатталады.

(Экраннан Мейірімнің фотосы көрсетіледі)

Жүргізуші: - Бүгінгі дара қызымыз Мұрат Мейірімді қарсы алайық.

(Жұмсақ диванға жайғастырып сұхпаттасу)

- Қош келдің, Мейірім !
- Көңіл күйің қалай?
- Мейірім , қандай өнерді жақсы көресің?
- Сені өнерге баулитын кім?
- Өскенде кімге ұқсағың келеді?
- Бүгін қандай өнер көрсетесің?

(Анасына сұрақ: - Қызыңыздың бойынан қандай ерекше қасиеттерін көресіз?)

- Мейірім, бүгін аналар мерекесі , анаңа арнап тақпақ айтып бересің бе?

Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы тақпағым.

Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрін де.

- Жарайсың Мейірім!
- Олай болса, Мейірімнің өнерін бірге тамашалайық.

- Бүгінгі жобада жақсы өнерін көсеткені үшін Мейірімді марапаттауға балабақшамыздың бишісі – Алмабекқызы Гүлзатты ортаға шақырамыз.

«Дара бала» жобасынан сыйлықтармен марапатталады

Жүргізуші: - Бүгінгі жобамызда, анасының көмекшісі, қол қанаты, болашақ бас аспазшы, бәлкім үлкен мейрамхананың иесі болуы әбден мүмкін. Олай болса тамақ жасауды өте жақсы көретін Көзайым қызымызды қарсы алайық.

(Экраннан Көзайым фотосы көрсетіледі)

- Көзайым, қош келдің!
- Бүгінгі дара балаға кіммен келдің?
- Анаңның есімі кім?
- Үйде анаңмен бірге қандай тамақтар жасайсың?
- Аспазшы болған ұнай ма?

**Ақ мамамды мен әрқашан,
Жүрем деймін шаттандырып.**

- Жарайсың Тимур!

- Тимурдың анасы, балаңыздың бойында қандай тағы ерекше қасиеттері бар?

- Олай болса Тимурдың өнерін тамашалайық.

(Экраннан көлік маркалары көрсетіледі)

Тимурды арнай құттықтауға келген балабақша психологы Айнұр

Құдайбергекқызын шақырамыз.

«Дара бала» жобасынан сыйлықтармен марапатталады.

Жүргізуші: - Қазір бізде жарнама. Демеушіміз ата – аналар!

Ән: «Ана»

Би: Әке мен қыздар

Жүргізуші: Батыр да туған анадан, ақын да туған анадан,

Ананың биік тұғыры - анадан туған бар адам.

Пайғамбарымыз Мұхаммед ананы құрмет санаған,

Анаға мәңгі борыштар елдегі барлық дана адам.- деп, өсіп келе

жатқан жас шыбықтарыңыз тек көз қуаныштарың, дара да, дана да болып таудай болып өсе берсін.

«Дара бала» жобасы аясында демеушіміз **ӘКЕЛЕРІМІЗДІН** атынан аналарымызға сый. Қабыл алыңыздар!

Музыка : «Гүл сыйлаңдар әйелге»

Балалардың аналарына сыйлығы

Біздермен бүгінгі меркені өткізгендеріңізге рақмет!



Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
«Өнерлі ана – өнегелі ұрпақ»

Аналар мектебі

Мақсаты: Аналар өнерін үлгі ету. Өнерді бағалау.
Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.





ӨНЕРЛІ АНА -
ӨНЕГЕЛІ ҰРПАҚ

“Өнерлі Ана - өнегелі ұрпақ”
Аналар сайысы



Әрекеті шаңырақ
Әрлік-танымдық шарасы





« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

« Наурыз нұры төгілсін!»

ертенгілігінің сценарийі

№3 «Гүлдер» арнайы мектепалды тобы

**Тәрбиеші: Бисеналина Д.Н.
Қиялова А.Б.**

Ақтөбе қаласы , 2026ж

Балалар әуеннің ырғағымен залға кіріп, жартылай шеңбер құрып тұрады.

Жүргізуші :Тыңдаңыздар,тыңдаңыздар !

Босқа карап тұрмаңыздар!

Наурыз тойы басталды

Көргендер де арманда,

Көрмегендер де арманда.

Қызықтан тыс қалмандар!- дей отырып, «Наурыз тойы-көктем той!» атты мерекелік ертеңгілігімізді ашуға рұқсат етіңіздер!

Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың мольнатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңейетін кезеңі- Наурыз мейрамы құтты болсын!

Мерекемізді өлең шумағымен бастаймыз.

Мирсайд: Наурыз тойы – тамаша,

Наурыз тойы – жаңаша.

Жақсы тілек айтамыз,

Наурыз құтты болсын деп.

Хор. Ән «Көктем».

Алдар Көсе кіреді, балалармен амандасады:Армысыздар, үлкен-кіші ағайын! Бүгін –Самарканның көк тасы еріген күн.

Бүгін-Жаңғыру мейрамы!

Бүгін-Жыл басы, Жаңа жыл!

-Наурыз тойы, көңіл тойы, көктем тойы,

Жақсылық болса дейтін өмір бойы.

Биыл да былтырғыдай ақ көбейсін,

Ендігі бақыт, байлық, бақ көбейсін.

Жүргізуші: Алдар Көсе, кош келдіңіз №3 «Гүлдер» арнай ересектер тобының Наурыз тойына.

Алдар Көсе: Мына мол дастарханды Шықбермес Шығайбай жайған ба?

Жүргізуші: Жоқ, Алдар көсе, бұл дастарханды біздің балаларымыз Наурыз мерекесіне орай жайды. Төрлетіңіз.

Бата беріп атамыз

Бата беріп апамыз

Тәтті болып жасалған

Наурыз дәмін татыңыз.

Балалар бүгінгі мерекеге жаттаған өлеңдерін Сізге арнап оқып береді.

Тимур: Жылдың басы Наурыз.

Мерекеге арналған,

Ақ әже: Балалар, маған арнап айтқан өлеңдеріңізді тыңдап, сендердің өнерлеріңе тәнті болдым.

Ақ батамды берейін,
Қолыңды жайыңдар, жамағат
Тыныш болсын даламыз,
Батыр болсын баламыз.
Уайым, қайғы жоқ болсын,
Ақ дегенің көп болсын.
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын!

Ұлыстың Ұлы күні баршаңызға зор денсаулық, ашық аспан, бақытты өмір тілеймін.

Жүргізуші: Кане, әжемізге Текемет құрастырып берейік.

Ойын: «Текемет».

Жүргізуші: Наурыз күні той-думап

Ортамызды ашайық
Ән мен ойынды той етіп,
Інжу – маржан шашайық.

- Балалар, ойын ойнаймыз ба?

Ойын: «Ұлттық құндылықтар кілемшесі»

Айя: Наурыз келді қалаға,

Наурыз келді далаға.

Күміс күлкі әкелді,

Наурыз барлық балаға.

Көзайым: Наурыз келді, балақай,

Жасарды жер, алақай!

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Хор. Ән «Наурыз».

Жүргізуші: Наурыз құтты болсын. Дендеріміз сау, мықты болсын.

Наурыз тойы келе берсін, барлық халық бақытты болсын. Осымен бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Қош, сау болыңыздар, халайық.

Көріскенше күн жарық болсын.





Отбасы
тәрбиенің
үнесі



**Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
«Шын жүректен кітап сыйла» - Челлендж
Халықаралық балалар кітабы күні**

Мақсаты: Кітапқа, білімге деген қызығушылықты арттыру.
Кітапқа ұқыптылықпен қарау.

Топ балалары ересек топ балаларына кітап сыйлады.














Мақсаты: Балабақшаның үлкендіруге ағамылеу, қамқорлыққа тәрбиелеу





CoopCut





